

FTAMP 316.346.32-053.6

<https://doi.org/10.26577/JPoS.2023.v85.i2.07>**Қ.А. Авсыдыкова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kuralay_80@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖҰМЫС ПЕН ОҚУДЫ ҰШТАСТЫРУ ҚИЫНДЫҚТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Бұл мақалада студенттердің оқуы мен жұмысын бірге алып жүру мәселесі және ондағы кездесетін қиыншылықтар қарастырылды. Зерттеу нәтижелерін талдау негізінде, студенттерді ынталандыратын себептер, сонымен бірге, қосымша жұмыс жасау барысында кездесетін проблемалар және оны шешу жолдары ұсынылған. Студенттердің жұмыс іздеу кезіндегі мотивациясы, жұмыс пен оқуды бірге алып жүрудің академиялық үлгерімге әсері туралы тақырыптар қарастырылған. Зерттеу нысаны – қосымша жұмыспен қамту себептерімен байланысты міндеттерді шешу үшін Алматы қаласының жоғары оқу орындарының студенттері алынды. Зерттеу мақсаты – қазіргі жағдайда студенттердің қосымша жұмыспен қамтылу себептерін, сондай-ақ оқу мен жұмысты үйлестіре отырып кездесетін қиындықтарды айқындау. Зерттеу міндеті – студенттердің жұмыспен қамтылу құрылымын сипаттап, талдауларға сәйкес студенттердің жұмыс істеуіне мәжбүрлейтін мотивті анықтау болды. Автор тақырып бойынша әдебиет көздерін талдай келе, студенттердің оқу мен мамандық бойынша жұмысты бірге алып жүруі студенттің кәсіби қалыптасуына оң әсер етеді деген нәтижеге келді. Бар зерттеулердің жалғасы ретінде автор студенттерге мамандық бойынша жұмыс істеуге не кедергі келтіретіндігін білу үшін сауалнама әдісін қолданды. Мақалада сауалнама қорытындылары көрсетілген.

Түйін сөздер: жастар, жұмыспен қамту, студенттер, мотивация, оқу, оқу үлгерімі, кәсіби даму.

K.A. Avsydykova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: kuralay_80@mail.ru

Sociological analysis of the difficulties of combining work and education of students

In this article, the problem of co-education and work of students, as well as the problems they face, was considered. Based on the analysis of the research results, the reasons motivating students, as well as the problems they face in the process of additional work, and ways to solve it are proposed. Topics were raised about the motivation of students when looking for a job, about the impact of combining work and study on academic performance. The object of the study is students of higher educational institutions of Almaty to solve problems related to the causes of additional employment. The purpose of the study is to identify the causes of additional employment of students in modern conditions, as well as the difficulties they face when combining study and work. The task of the study was to determine the structure of students' employment, to determine the motive that makes students work in accordance with the analysis. Analyzing the literature sources on the topic, the author came to the conclusion that the joint support of students studying and working in the specialty has a positive effect on the professional development of the student. In continuation of the existing research, the author used the survey method to find out what prevents students from working in their specialty. The article presents the results of the survey.

Key words: young people, employment, students, motivation, study, academic performance, professional development.

К.А. Авсыдыкова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: kuralay_80@mail.ru

Социологический анализ трудностей совмещения работы и обучения студентов

Все большее количество студентов совмещают учебу с работой, что сказывается на уровне успеваемости, стрессоустойчивости и других проблемах. Целью исследования является анализ причин, мотивирующие студентов, а также проблемы, с которыми они сталкиваются в процессе дополнительной работы и пути их решения. В статье рассматриваются мотивации студентов при поиске работы, влияние совмещения работы и учебы на академическую успеваемость. Объек-

том исследования являются студенты высших учебных заведений города Алматы для выявления причин, побуждающих искать дополнительную занятость. В ходе исследования были выявлены причины дополнительной занятости студентов в современных условиях, а также трудности, с которыми они сталкиваются при совмещении обучения и работы. Задача исследования состояла в том, чтобы определить структуру занятости студентов, определить мотив, который заставляет студентов работать. Полученные данные свидетельствуют, что совместное сопровождение студентами учебы и работы по специальности положительно влияет на их профессиональное становление. В работе был использован метод опроса, чтобы выяснить, что мешает студентам работать по специальности, какие результаты дополнительной работы по специальности получены студентами.

Ключевые слова: молодежь, занятость, студенты, мотивация, учеба, успеваемость, профессиональное развитие.

Кіріспе

Қазіргі таңда жоғары білімге деген сұраныс жылдан жылға артып келеді. Себебі жұмыс берушілер өздерінің қызметкерлерін кәсіби біліктілігі жоғары маман екендігін көргісі келеді. Осыған орай оқу орындарына деген сұраныс жоғарылайды. Алайда, бұл мәселе өте өзекті, себебі оқу орындарында білім алу біраз қаржыны талап етеді. Жоғары білім алған соң, алған біліміне сай жалақы беретін мекемелер көп емес. Көптеген отбасылар балаларын жоғары оқу орындарында оқытуға жағдайлары жете бермейді. Сондықтан көптеген абитуриенттер өзінің жаны қалайтын бағыттан бас тартып бағасы тиімді оқу орнына немесе кез келген грантқа түсе салады. Осылайша өзінің мамандығына қызығушылық болмайды, мақсаты тек дипломын қолына алса болды. Осы орайда туындайтын мәселе: көптеген жұмыс берушілерге тәжірибесі мол қызметкерлер қажет, бұл фактор шешуші фактор болып табылады. Бұл мәселе осылайша жұмыспен оқуды қатар алып жүретін студенттер тізімін арттырды. Алайда бұл студенттердің бос уақытында жұмыс жасауына әкелетін жалғыз мәселе емес, ары қарайда мәселені толығырақ қарастырамыз. Кеңес уақытында жастарға тұрақты әлеуметтік өмірі әрі алдына қойған мақсаттарының орындалуына кепілдік берілген, тек олар қоғамдық жүйеге сай келсе болды делінген. Ол кезеңде елге мынадай сипатты белгілер тән болған: жұмысқа орналасудың жоғары деңгейі, әлеуметтік жағдайына қарамастан кез келген адамға тегін білім алу мүмкіндігі, түлектерін бөлу жүйесі. Студенттер әлеуметтік-демографиялық топ болып табылады. Олардың ерекшеліктері – әртүрлі жағдайларға икемді бола білу, әлеуметтік ұтқырлық және басқаларымен салыстырғанда инновацияларға оңай бейімделу.

Студенттердің басқа жастардан айырмашылығы әлеуметтік пайдалы қызмет болып табылатын білім алуымен негізделеді. 90-шы жылдардан кейін жастардың өмірлік тұрақтығы толықтай өзгерді. Қазіргі статистикаға сүйенсек 80% мектеп бітіруші түлектер жоғары оқу орындарының студенттері болады. Сонымен қатар белгілі бір студенттердің бөлігі бағасы белгілі бір соманы құрайтын оқу орнына түседі. Осы орайда сұрақ туындайды: студенттер қаражатты өздері төлейді ме? Мүмкін дәл осы мотив ата-анасынан қаржылай тәуелді болмау үшін қосымша жұмыс істеуіне алып келеді. Студенттердің бұл мәселеден бөлек қаржы талап ететін қажеттіліктері бар. Мысалы киім-кешек, азық-түлік, достармен қыдыру, және тағы басқалары. Кейбіреулер бұл мәселені тек қосымша табыс ретінде қарастырады, кейбіреуі шыныменде мансап құруды көздейді. Кез келген жағдайда ерте жұмыс жасауды бастаған студент ертеден қиындықтармен жолығады. Сабақпен қатар жұмыс жасап жүрген студенттердің қиындықтары ол жұмыс кесірінен сабақтарын өткізіп алу, бұл жағдайда көптеген оқытушылар оларды түсінуден бас тартады. Осыған қарамастан бүгінгі күні студенттер арасында қосымша жұмыспен қамтылу жаппай сипатқа ие болып отыр. Қазақстанда осал мәселелердің бірі студенттердің материалды тұрғыда қамтамасыздандырылуы. Дәл осы сәтте еліміздің экономикалық жағдайы төмен, кейбір ата-аналар балаларының жағдайын жасауға шамасы келмейді. Сондықтан көптеген студенттер ата-анасына материалды тұрғыда тәуелді болмас үшін қосымша табыс көзін іздейді. Қосымша табыс көзі жақсы бірақ ол студенттердің білім алуына әсер етеді. Жұмыспен оқуды қатар алып жүру сәтсіз нәтижеге алып келеді, одан бұрын бұл қосалқы ауырлық. Сондықтан бұл мән берерлік мәселе, себебі қазіргі жастар біздің

болашағымыз. Олардың білім сапасы, ойлары амбициялары болашағымызға өте маңызды.

Бұл тақырып еңбек әлеуметтануының тақырыптары мен бөлігі болып табылады. Тақырып бойынша айналысқан атақты зерттеушілер Макс Вебер, Энтони Гидденс және Зигмунд Бауман. Зерттеушілер еңбек әлеуметтануының әртүрлі аспектілерін қарастырған: еңбек саласындағы әлеуметтік өзара әрекеттесулер, еңбек мінез-құлқы, сонымен қатар еңбек негізгі әлеуметтік үрдіс ретінде қарастырылды. Әлеуметтанулық әдебиетте жастар мен студенттердің әлеуметтенуіне, бейімделуіне, құндылық бағдарларына байланысты мәселелер жан-жақты дамыған. Студенттің жеке басын және оның өмірлік ерекшеліктерін М. Мид, Т. Парсонс, Н. Смелзер сияқты шетелдік әлеуметтанушылар ғана емес, сонымен қатар отандық ғалымдар – Г.С. Абдирайымова, М.М. Маульшариф әлеуметтанушылар да зерттеген. Сонымен қатар зерттеушілер студенттердің жеке әлеуметтенуін тереңірек қозғап кеткен. Зерттеу жұмыстарында студенттердің жеке әлеуметтенуінде жалпы тұрақты тұлғалық қасиеттер қалыптасатындығы айтылған. Әлеуметтену теориясының дамуына Э. Дюркгейм, П. Сорокин, Р. Мертон, В.А. Ядов, И.С. Кон сияқты әлеуметтанушылар айтарлықтай үлес қосты. И.С.Конның «Тұлға әлеуметтануы» және Э. Дюркгеймнің «Қоғамдық еңбектің бөлінуі туралы» еңбектерінде студент жастар контингентінің қосымша жұмыспен қамтылған әлеуметтік мәнін, оның салыстырмалы әлеуметтік бірлігі мен ішкі әлеуметтік гетерогенділігін анықтауға ерекше назар аударылды (Беккер, 1961). Соңғы кезде бұл феноменнің таралуына байланысты қосалқы табыс және жұмыс жасау жайлы біраз зерттеулер жарық көрді. Осы тақырып бойынша үлкен ғылыми жобалар Ф.Э. Шереги мен В.И. Герчиковтың жетекшілігімен болды. Сондай ақ бұл мәселені Ресейліктер де, яғни Ресей ғылым академиясының әлеуметтану институтының ғалымдары Г.А. Чередниченко, Е.Д. Вознесенская, Д.Л. Константиновский «Бүгінгі орыс студенті: оқу және жұмыс» ауысуының дәстүрлі моделі өткенге кетеді деген байламға келді. Нақтылай кетсек, студенттер оқуға емес жұмысқа көп зейін қоятыны белгілі болды. Сонымен қатар ғалымдар оқу орындарының бағасы және шәкіртақының аздығы қосымша жұмыс жасауына әкелетіндігін атап өтті. Г. Беккер және А. Бесков өздерінің «Қазіргі әлеуметтанулық теория оның сабақтастығы мен өзгеруі» атты

еңбектерінде студенттердің қосымша жұмысқа қызығушылығы кішкентай мотивтерден құралады деген. Бастапқысы бұл материалдық мотив, атап айтқанда, күнделікті жүріп тұруына және оқу үшін ақша табуына деген ұмтылыс. Екінші орында, одан әрі жұмысқа орналасу үшін тәжірибе жинау ниеті, осылайша болашақта қалаған лауазымға ие болу мүмкіндігін арттырады. Үшіншіден, студенттердің бос уақытын пайдалы нәрселермен айналысуға деген ұмтылысы (Беккер, 1961). М.Н. Антроповтың айтуынша қосымша табыс, оқу орнына төлем жасау немесе өзінің бос уақытын тиімді қолданудан басқа маңызды фактор бар екендігін айтты. Қазіргі таңда студенттерді бітірген соң кепілдендірілген жұмыс орны жоқ, әрі тәжірибесіз көп мекемелер жұмысқа алмайды. Сондықтан студенттік кезден өз мамандығы бойынша қызмет атқарып тәжірибе жинайды, себебі диплом алғаннан кейін тек жас маман болып қалудан өздерін осылай қорғайды. Осылайша бұл тақырыптар ғалымдар арасында өзекті екендігін байқаймыз.

Зерттеу әдіснамасы

Қазіргі таңдағы Қазақстанның экономикалық жағдайында студенттердің қаржылай қамтылуы жайлы осал пікірлер туды. Мемлекеттегі жұмыссыздықтың көбеюіне және экономиканың төмендеуіне байланысты студенттер жұмыс істеуге мәжбүр, бір жағынан материалды тұрғыда тәуелсіз болуы, бастапқы тәжірибе жинағаны жақсы. Қосымша жұмыс студенттерге жұмысқа деген сенімділік тудырады бір жағынан уақытын тиімді пайдалану болып табылады. Бірақ қазірге кезде студенттер сабақты жіберіп алу, үлгермеу сияқты қиындықтарға тап болуда. Сабақпен жұмысты қатар алып жүру моральдық тұрғыдан ауыр соғады. Осылайша студент шаршап күйзеліске ұшырайды. Сондықтан сабақпен жұмысты қатар алып жүрудегі мотивтерді ескеруіміз қажет. Мотивтер арқылы сыртқы және ішкі құралдар адамның жұмыс істеуге деген құлшынысын ашады. Мотивация өнімді таңдалған жұмыстарға дұрыс шешім қабылдауға тиімді болып келеді. Адамға шабыт келсе қойылған мақсаттан да жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Адам бастаған ісін аяқтау үшін шабыттаныуы қажет және мақсатқа жеткеннен кейінгі сезімі қалай болады соны да ойлауы қажет. Мотивацияның негізі ретінде мотивті алсақ болады. Ол адамды мақсатқа жетелейді. Қосымша жұмыспен

қамту студенттердің құндылық бағдарларына, олардың әлеуметтік кәсіби бейімделуіне, әлеуметтенуіне және қоғамның әлеуметтік құрылымына интеграциялануына әсері ерекше ой тудырады. Бір қызығы, жастардың мүдделері әрі қызығушылықтары өзгерді, мысалы бұрын өте қызық болмаған қаржы, несие беру, сауда қызметі және жақында қызығушылық тудырған нәрселерге (көлік жасау, ғылым салалары) қызығушылықты жоғалтқан қызмет түрлерінде жұмыс істеуге тырысады. Қазіргі студенттерді түсінуге болады – материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандырумен қатар, жастарды университет қабырғасынан шықпай-ақ жұмыс іздеуге мәжбүр ететін маңызды фактор бар. Егер бұрын кәсіптік білім беру мекемесінің әрбір түлегіне мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға кепілдік берсе, қазір жас мамандарға ондай кепілдік берілмейді. Сондықтан олар тіпті таныс емес мамандыққа да үйрене бастайды. Студенттерді қосымша жұмысқа орналастыру бірқатар проблемалармен бірге жүреді. Тиісінше, еңбек және оқу қызметін біріктіретін студенттер жартылай жұмыспен қамту негізінде жұмыс істейді деген қорытынды жасауға болады. Алайда студенттер жынысы, жасы, материалдық байлығы және тағы басқа сияқты факторларға қарамастан тұрақты жұмысты қалайды. Студенттердің еңбек нарығына шығуының негізгі және жалғыз мотиві ақша факторы деп айтуға да болмайды. Көптеген студенттер болашақ мамандығы бойынша тағылымдамадан өтушілер ретінде жұмыс істегенді жөн көреді, бірақ олар айталық, қызмет көрсету саласында (бармендер, даяшылар, жүргізушілер, курьер және тағы басқалары) алатыннан әлдеқайда аз табыс табады. Кейбір студенттер тіпті тегін жұмыс істейді. Кейде университетте оқу кезінде ішінара немесе толық жұмыспен қамту оқудан жұмысқа үздіксіз ауысу механизмі ретінде қызмет етеді. Студенттер жұмыс іздей бастайды, әдетте университеттің үшінші немесе екінші курсына, төртінші курста олар толық уақытты жұмыс іздейді. Сондықтан түлектер дипломға қосымша орта есеппен бір екі жылдық кәсіби тәжірибеге ие. Жалпы алғанда, студенттердің жұмыс іздеуге бейімділігі олардың отбасының табысына кері пропорционалды болғанымен көптеген ауқатты студенттер ерте жұмыс іздей бастайды. Жоғары академиялық жетістіктері бар студенттер орта есеппен ертерек жұмыс істей бастайды. Сапалы білім алуға көбірек уақыт бөлудің орнына олар уақыттарының көбін жұмыс жұмсауды жөн

көреді. Жұмыс берушілер көбінесе жоғары білім туралы дипломды жұмыс іздеушілердің жұмыс тәжірибесінен аз бағалайды. Студенттердің жұмыс істеуінің негізгі себептері: Қаржылық себептер. Көптеген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, оқу кезеңінде қаржылық қолдаудың қажеттілігі, оқу ақысы және жеткіліксіз кірістер студенттердің жұмыс жасауының негізгі факторлары болып табылады. Жұмыс істейтін студенттер оқу барысында жұмыс істемейтін студенттерге қарағанда білім беру несиелерін жиі алады, несие карталары бойынша қарызға батады, және оқу кезеңінде несие алуға дайын болады. Бір қызығы оқу ақысын төлеу мотивациясы студенттің жұмыс уақытына әсер етпейді. Әлеуметтік факторлар. Студенттер оқу кезінде қосымша жұмыспен қамту туралы шешім қабылдаған кезде әлеуметтік факторлар да қаржылық жағынан маңызды рөл атқарады. Жұмыс істеу студенттерге тек маңызды ақшалай емес артықшылықтар береді, атап айтқанда жұмыс тәжірибесі мен тиісті әлеуметтік дағдыларды игеру. Студенттердің жұмыспен қамтылуы екі жаққа да тиімді, жұмыс берушілер икемді кестеде жұмыс істеуге дайын арзан жұмыс күшін алады, ал студенттер ақша және тәжірибе жинайды. Бүгінгі таңда студенттердің жұмыспен қамтылуы білім беруді модернизациялаудың негізгі мәселесін – жоғары кәсіби мамандарды даярлауды шешпейді. Жұмыс істейтін студенттердің оқу үлгерімі көбінесе төмен болады, өйткені олар ақша тапшылығы есебінен оқуды жұмыспен біріктіруі керек, сонымен бірге жоғары білім алу үшін олар бюджеттік негізге түсуге тырысады. Алға қойылған мәселені зерттеу барысында эмпирикалық база ретінде отандық және шетелдік ғылыми зерттеу материалдарын талдау, анкеталық сауалнамалар жүргізілді. Зерттеуге Алматы қаласының жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Зерттеудің мақсаты – қазіргі жағдайда студенттердің қосымша жұмыспен қамтылу себептерін, сондай-ақ оқу мен жұмысты үйлестіре отырып, кездесетін қиындықтарды анықтау. Эмпирикалық зерттеу мақсатында студенттердің оқу мен жұмысты ұштастырудағы қиындықтарды айқындау зерделенді.

Нәтижелер мен талқылама

ЖОО-дағы оқу студенттерден ақыл-ой, уақыт, сонымен қатар физикалық шығындарды талап ететіндіктен, кез-келген басқа шаруалар

соның ішінде жұмыс істеу, студенттер үшін екінші орында. Сол себептен де күндізгі оқыту бөлімі отбасының тұрақты қаржылық жағдайы болған кезде ғана мүмкін болады, бұл студенттерге бүкіл оқу уақыты бойында экономикалық өндірістік жүйеге кірмеуге әкеледі. Студенттер оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби жұмысқа өтуі дәйекті болады, яғни студент жоғары оқу орнынан диплом алғаннан кейін еңбек нарығына шығады деп болжанады (Короткова, 2016). Бірақта бұған қарамастан, жоғарыда айтылған дәстүрлі "оқудан–жұмысқа" ауысу моделі барған сайын артта қалуда. Біздің жасаған зерттеуіміз жоғары курста оқитын студенттер арасында жұмыс істемейтін студенттердің саны (60% -ға жуығы) басым екенін анықтады. Ал бірақ қазіргі заманда жағдай керісінше болып жатыр. Жүргізілген сауалнаманың қорытындыларына сәйкес, студенттердің 60%-дан астамы оқу мен жұмысты бірге алып жүру тәжірибесіне ие, ал 40% -ға жуығы тұрақты түрде жұмыс атқарады (Вознесенская, 2001).

Бірақатар ғалымдардың пікірінше, бұл үрдіс, ең алдымен, Қазақстан халқының біразының экономикалық әл-ауқатының төмен болуынан. Қазіргі уақытта халықтың орта табының өмір сүру жағдайының төмендеуі, бірақ та бұл мәселемен бірге өмір сүру жағдайының өсуі, ақылы түрде білім беру қызметтерінің дамуы, жұмыссыздық мәселелері көрінеді. Бұл жағдайлапдың бәрі студенттердің жұмыс жасауына әкеліп тудырады (Короткова, 2016). Ал бұл болжам 2016 жылы Алматы қаласының университетінің студенттерінен алынған сауалнама қорытындыларымен негізделеді. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, студенттердің жұмыс іздеуге негіз болатын себептері экономикалық мәселелер болып табылады (сауалнамаға қатысқандардың барлығының 56,25%-ын көрсетті) (Мылтасова, 2017).

Студенттердің ата-анасынан материалдық тұрғыдан тәуелсіз болуға деген құлшынысы студенттердің жұмыс жасауға негіздейтін екінші маңызды себеп болып табылады. Бұл себепті зерттеуіне қатысқандардың 31,25% -ы таңдады (Мылтасова, 2017).

Студенттердің көпшілігі жастардың басқа санаттары сияқты, жоғары қажеттіліктер мен амбицияларға ие, сондықтан оларға сәнді киімдерді, сәнді аксессуарларды және заманауи гаджет құрылғыларын сатып алу үшін қажетті мөлшерде ақша керек. Жастар дем алу үшін материалдық инвестицияларды талап

етеді. Кейбір студенттердің отбасы мүшелері балаларының материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алуға мүмкіндіктері жоқ, немесе мүлдем қанағаттандыра алмайды, сондықтан да студенттердің осындай санаты жұмыс жасауға мәжбүр.

Бірақта, материалдық тұрғыдан басқа, студенттер оқу мен жұмысты бірге алып жүрудің тағы бір себебін айтты. Ол себеп жасап жатқан жұмыстың практикалық дағдыларды игеруге көмектесуі екен..

Жұмыс студенттер үшін өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік тудырады, және бұл студенттердің айтуы бойынша оқу процесі бұл процесі толық түрде қамтамасыз етпейді.

Зерттеу бойынша мамандық бойынша жұмыс жасау 3-4 курста оқитын студенттер үшін ерекше өзекті мәселе екен. Егер мамандық бойынша жұмыс жасайтын бірінші курста оқитын студенттердің 8% – дан сәл астамы жұмыс істесе, онда соңғы курсқа қарай олардың пайызы әжептәуір артады (35%). Зерттеу бойынша, дәл бұл тенденция студенттердің болашақ кәсіби қызметіне деген ерекше көзқарасын көрсетеді. Осындай студенттер болашақта істейтін жұмысын тек әлеуметтік мансаппен ғана емес, сонымен қатар кәсіби өсумен де қарастырады. Зерттеу мамандығы бойынша жұмыс жасайтын студенттер мен мамандық бойынша жұмыс жасамайтын студенттердің жұмыс жасау себептерін салыстыру арқылы растайды. Бірінші санаттағы студенттер арасында (мамандығы бойынша жұмыс жасайтындар) жұмыс таңдаған кезде не шешуші рөл атқарады деген кезде ең танымал жауап "Мен болашақ мамандығыма байланысты тәжірибе жинау үшін жұмыс жасаймын", ал екінші санаттағы студенттер арасында (мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндер) "жұмыс істегенде мен өзімді тәуелсіз сезінемін" деп жауап берді (Белова, 2011).

Бірақ та кәсіби дағдыларды игеру туралы сөз қозғайтын болсақ, онда мамандығы бойынша жұмыс істемеу де "Жалпы кәсіби" деп санауға болатын дағдыларды қалыптастыра алатындығын атап кеткен жөн: өзін-өзі ұйымдастыру дағдысы, командада жұмыс істеу дағдысы, жауапкершілік сияқты дағдылар әлеуметтік және практикалық тәжірибе жинақтауға, байланыс салаларын кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Дегенмен де, студенттер үшін мамандығы бойынша жұмыс жасау үлкен қанағатқа әкеледі. Зерттеу қорытындыларына сүйенсек, мамандығы бойынша жұмыс жасайтын студент-

тердің ішінде жұмысқа қанағаттану деңгейі мамандығы бойынша жұмыс істемейтін студенттермен салыстырғанда екі есе жоғары (Белова, 2011).

Студенттерді жұмыс жасауға итермелейтін себептерді анықтауға бағытталған зерттеулерден басқа, әдебиеттерде тағы бір бағыт түрі бар. Ол дегеніміз оқу мен жұмысты қатар алып жүрудің студенттердің оқу үлгеріміне әсерін зерттеу. Д.М. Янбарисованың пікірінше жұмыс оқудан алыстатады, жұмыс жасайтын студенттердің оқу үлгерімі мен білім деңгейі жұмыс жасамайтын студенттермен салыстырғанда әлдеқайда төмен деген пікір қоғамда өте жиі кездеседі. Оның жүргізген зерттеуі оқу мен жұмысты қатар алып жүру оқу үлгеріміне теріс әсер ететінін анықтады, бұл толық жұмыс күні және мамандығы бойынша жұмыс жасамауды қамтуды көздейтін еңбек опциясы. Сонымен қатар мамандығы бойынша жұмыс жасайтын студенттер мамандығы бойынша жұмыс жасамайтын студенттермен сабыстырғанда жақсы оқиды, ал кей жағдайларда жұмыс жасамайтын курстастарынан да жақсы оқитыны анықталған (Янбарисова, 2014).

Осылайша, студенттердің оқу мен жұмысты қатар алып жүрудегі мәселесі бойынша басқа ғалымдардың зерттеулерін талдай келе, оқу барысындағы еңбек қызметі студенттердің кәсіби қалыптасуына оң әсер ететіндігін және оқу үлгеріміне теріс әсер етпейтіндігін көрсетті десек болады. Бірақта, бұл тұжырымдама келесі шартты орындаған кезде ғана жарамды болады, яғни мамандық бойынша жұмыс және жұмыс кестесі оны оқумен бірге қатар алып жүруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты келесі зерттеу сұрағын қоюға болады: сонымен студенттерге мамандық бойынша жұмыс жасауға не кедергі келтіреді?

Бұл сұраққа жауап алу үшін біз сауалнама жүргіздік, оған Алматы жоғары оқу орындарының 250 студенті қатысты. Зерттеуге қатысушыларды іріктеудің шарты олардың оқу мен жұмысты міндетті түрде бірне қатар алып жүруі болды.

Сауалнама екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде мамандығы бойынша жұмыс істейтін студенттерден де, мамандығы бойынша жұмыс істемейтін студенттерден де сұхбат алынды. Сауалнаманың екінші кезеңінде тек мамандығы бойынша жұмыс істемейтін студенттер қатысты.

Сауалнама қорытындылары сауалнамаға қатысқан студенттердің жалпы санының тек

18,8% – ы мамандық бойынша жұмыс жасайтындығын анықтады.

“Сіз қалай жұмыс таптыңыз?” деген сұраққа келесідей жауаптар берілді: 31,2% туыстарының немесе достарының ұсынысы бойынша жұмыс тапты, 68,8% өз бетінше жұмыс іздеді, әдетте ол үшін интернет желісін қолданды. Осы мамандық бойынша жұмыс істейтін студенттер арасында бұл пропорция келесідей: 83,3% студенттер ұсыныс бойынша жұмыс таба алды, қалғандары өз бетінше жұмыс тапты. Бұл студенттерді мамандық бойынша жұмысқа орналастыру, жалпы алғанда, байланыс болған жағдайда ғана мүмкін болатындығын көрсетеді.

Зерттеудің бірінші бөлігіндегі келесі сұрақ келесідей тұжырымдалды: “егер сізде осы кезеңде (оқу кезінде) жұмыс орнын өзгерту мүмкіндігі болса, оны пайдаланар ма едіңіз?». Бұл сұраққа студенттердің 46,9%-ы оң жауап берді. Бір қызығы, бұл санатқа тек мамандық бойынша жұмыс жасамайтын студенттер кірген болатын. Бұл тұжырымдама О.Белованың зерттеу нәтижелеріне сәйкес келді, оған сәйкес мамандық бойынша жұмыс жасайтын студенттерде жұмысқа қанағаттануы жоғары деңгейде (Белова, 2011). Бұл ретте жұмыс орнын ауыстырғысы келетін студенттердің 60% – ы мамандық бойынша жұмыс істегенді, 26,6% – ы жоғары жалақысы бар жұмысты, ал 13,3% – ы аз уақыт пен физикалық белсенділікпен жұмыс істегенді жөн көреді.

Сауалнаманың екінші кезеңде мамандығы бойынша жұмыс істемейтін студенттер ғана қатысты. Бірінші сұрақ алдыңғы сұрақты ішінара қайталап, келесідей қойылды. “Сіз жұмыс жасап жатқан жерде бірдей жалақы мен жұмыс кестесі бар мамандық бойынша жұмысты қалайсыз ба?”. Өз мамандығы бойынша жұмыс жасамайтын студенттердің көпшілігі (92,3%) бұл сұраққа оң жауап берді. Бұл студенттердің едәуір бөлігі өздері тандаған кәсіби іс-әрекеттің дағдыларын игеруге мүдделі деп болжауға мүмкіндік береді.

Студенттердің мамандық бойынша жұмыс жасауына кедергі келтіретін себептер туралы мәселе ашық болды, яғни дайын жауаптардың нұсқаларын қарастырмады. Ең көп таралған себептер:

- 1) бос лауазымдарда жұмыс тәжірибесі болуы міндетті;
- 2) қолда бар бос орындар толық жұмыспен қамтуды көздейді;
- 3) мамандық бойынша жұмысқа орналасу үшін студенттерге ересектердің ұсыныстары қажет, ондай таныстар студенттерде жоқ;

4) мамандық бойынша жұмыста көп жағдайда төмен жалақы көзделген;

5) мен өзімнің білімім мен дағдыларыма сенімім жоқ, сондықтан мен басқа жұмысты таңдаймын;

6) маған өзім оқып жүрген мамандық ұнамайды, сондықтан мен бұл салада жұмыс істегім келмейді.

Осылайша, біздің зерттеулер студенттердің оқуды өз мамандығы бойынша жұмыспен бірге қатар алып жүруге деген үмтылысын, сондай-ақ бұған кедергі болатын объективті жағдайларды көрсетеді:

1) бос жұмыс орындары студентте жоқ жұмыс тәжірибесін талап етеді;

2) жұмыс пен оқуды бірге қатар алып жүруге мүмкіндік бермейтін жұмыс кестесі;

3) студенттің осы салада қажетті байланыстарының болмауы.

Қосымша ретінде студенттердің жұмыс жасау кезінде кездесетін тағы бір қиындықты атап өткім келеді (мамандық бойынша жұмыс жасау, мамандық бойынша жұмыс жасамау). Көбінесе компания жиі ұсынатын бос жұмыс орындарын "алдын-ала жұмыспен қамту" деп атаған дұрыс болар еді.

Жекешелендірілген жұмыспен қамтудың негізгі ерекшеліктері:

1) жұмысқа орналастыру кезінде ресми тіркеудің болмауы;

2) қысқа мерзімді еңбек шарттары талаптарында мерзімді жұмыспен қамту (уақытша, маусымдық жұмыс, фриланс);

3) тұрақсыз жалақы;

4) икемді жұмыс кестесі;

5) агенттік жұмыс.

Мұндай еңбек жағдайлары әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрақсыздықпен сипатталады. Егер сіз студенттің оқуды бірге алып жүріп жұмыс жасайтын кезде айтарлықтай ауыртпашылықтарға тап болатындығын ескерсеңіз, онда олар қандай стресстік жағдайда болуы мүмкін екендігін елестете аласыз. Таңқаларлық жағдай емес, студенттер жақсы жағдай жасалған жұмыстарды іздеу үшін жұмысты жиі ауыстырады (Вознесенская, 2001).

Жұмыс берушілер мұндай қолайсыз еңбек жағдайларын түсіндіре отырып, әдетте студенттердің жұмысшы ретіндегі кемшіліктерін көрсетеді. Сондықтан студенттерді тез өзгермелі, көбінесе жұмысты тез әрі жиі өзгертеді, өзін-өзі жоғары бағалайды, жұмысқа жеңіл қарайды, өздеріне және еңбек жағдайларына көбірек көңіл

бөлуді талап етеді, қорытынды емтихан тапсыру барысында жұмысты орындау көрсеткіштері нашарлайды (Короткова, 2016).

Сондықтан, оқу мен жұмыстың ең қажетті үйлесімі-бұл толық емес жұмыс күні болып табылатын мамандығы бойынша жұмыс істеу мүмкіндігі деп айтуға болады. Бұған кедергі келтіретін негізгі себеп-тиісті жұмыс орындарының болмауы. Алайда, өз мамандығынан тыс жұмыс жасаған кезде де студенттер өз құқықтарының бұзылуына тап болу қаупі бар.

Қорытынды

Зерттеулерімізде байқағандай біздің еліміздің студенттері адаптацияға деген қабілеттілігін байқадық. Бір жағынан еліміздегі жағдайлар әрбір студентке әсер етеді. Егер студенттің жағдайын жақсарту жұмысы жүргізілсе, алдымен негізгі қиындықтарды жою керек. Мәселен әлеуметтік, экономикалық, қаржылық мәселелерді ретке келтіру керек. Сонымен қатар бұл тақырыпқа қызығушылық танытқан Ресей зерттеушілерінің де жұмыстарын қарастырдық. Зерттеу нәтижесінде студенттердің қосымша жұмысқа барудағы мотивтері мен қиыншылықтары анықталды. Яғни студенттер материалдық жағдайын түзету үшін жұмыс істеуге мәжбүр. Сонымен студенттерді оқу мен жұмысты біріктіруге итермелейтін мотивтер өте гетерогенді деп айтуға болады, олар әртүрлі себептерге байланысты өзгереді. Оның ішінде білім алушының бастапқы қаржылық жағдайы, отбасылық жағдайы. Жұмыс істейтін студенттер көптеген проблемаларға тап болады және оларды шешу әрдайым студенттердің өздеріне байланысты бола бермейді, сондықтан бұл жағдайдан жолын тек еңбек нарығы, университеттер мен мемлекет арасындағы өзара әрекеттесу арқылы табуға болады деп айтсақ артық етпейді. Қорытындысына келсек, еңбек ететін студенттің мәселелері өте көп және өзекті деуге болады. Оқуды бітіргеннен кейін бөлудің болмауы студенттердің ерте практикалық тәжірибе алу қажеттілігіне шақырады. Сонымен қатар қосымша жұмыспен қажеттілігі студенттердің өздерін де, олардың ата-аналарын да қаржылық қамтамасыз ету үшін жауапкершілігіне байланысты. Егер студенттің жағдайын жақсарту жұмысы жүргізілсе, алдымен негізгі қиындықтарды жою керек. Мәселен әлеуметтік, экономикалық, қаржылық мәселелерді ретке келтіру керек.

Әдебиеттер

- Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи (социологический анализ): монография. – Алматы: Издательство БАУР, 2005. – 302 с.
- Арискин М.В., Медведева Л.М., Загарина М.С. Совмещение учебы с работой: мотивация и проблемы реализации // *Новый университет. Актуальные проблемы гуманитарных и общественных наук.* – 2015. – № 5. – С. 22–24.
- Беккер Г. Современная социологическая теория в ее преемственности и изменении: пер. с англ. / Г. Беккер, А. Босков; пер. В. М. Корзинкина и Ю. В. Семенова; общ. ред. и послесл. Д. И. Чеснокова. – М.: Изд-во иностранной лит-ры, 1961. – 882 с.
- Белова О.В. Особенности совмещения учебы и работы студентам педагогических вузов // *Профессиональное образование. Столица.* – 2011. – №10. – С. 27–28.
- Брикерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
- Вознесенская Е.Д., Константиновский Д.Л., Чередниченко Г.А. Кончить курс и место достать: Исследование вторичной занятости студентов // *Социологический журнал.* – 2001. -№ 3. – С. 101–120.
- Кайшаури Е.И. Работающая молодежь и прекаризационная занятость // *Навстречу будущему. Прогнозирование в социологических исследованиях* Материалы VII международной социологической Грушинской конференции / Ответственный редактор: А.В. Кулешова. – 2017. – С. 1447–1450.
- Кон И. С. Социология личности. – М.: Политиздат, 1967. – 383 с.
- Константиновский Д. Л. Российский студент сегодня: учеба плюс работа / Д. Л. Константиновский, Е. Д. Вознесенская, Г.А. Чередниченко. – М.: Изд-во ЦСП, 2002. – 128 с.
- Мылтасова О.В. Почему студент идет работать? // *Современное общество: вопросы теории, методологии, методы социальных исследований.* – 2017. – Т. 1. – С. 179-186.
- Социология: учебное пособие / под общей ред. Абдирайымовой Г.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
- Стародубцева Е. К. Вторичная занятость // *Современный экономический словарь* / Е.К. Стародубцева, Б.А. Райзберг, Л.Ш. Лозовский. – М.: ИНФРА-М, 2011. – 182 с.
- Янбарисова Д.М. Работа во время учебы в вузах Татарстана: влияет ли она на успеваемость? // *Вопросы образования.* – 2014. -№1. – С. 217–237.

References

- Abdirajymova G.S. (2005) Cennostnye orientacii sovremennoj molodezhi (sociologicheskij analiz): monografiya [Value orientations of modern youth (sociological analysis)]. Almaty: Izdatel'stvo BAUR, 302 p. (in Russian)
- Ariskin M.V., Medvedeva L.M., Zagarina M.S. (2015) Sovmeshchenie учебы s rabotой: motivaciya i problemy realizacii [Combining study with work: motivation and implementation problems]. *Novyj universitet. Aktual'nye problemy gumanitarnyh i obshchestvennyh nauk*, no 5, pp. 22-24. (in Russian)
- Belova O.V. (2011) Osobennosti sovmeshcheniya учебы i raboty studentam pedagogicheskikh vuzov [Features of combining study and work for students of pedagogical universities]. *Professional'noe obrazovanie. Stolica*, no 10, pp. 27-28. (in Russian)
- Bekker G. (1961) Sovremennaya sociologicheskaya teoriya v ee preemstvennosti i izmenenii: per. s angl. [Modern sociological theory in its continuity and change: trans. from English]. G. Bekker, A. Boskov; per. V. M. Korzinkina i YU. V. Semenova; obshch. red. i poslesl. D. I. Chesnokova. M.: Izd-vo inostrannoј lit-ry, 882 p. (in Russian)
- Brikerhof D., Uejts P., Ortega S. (2018) Aleumettanu negizderi [Fundamentals of sociology]. 9-basylym. Almaty: Ul'ttyk audarma byurosy, 464 p.
- Kajshauri E.I. (2017) Rabotayushchaya molodezh' i prekarizacionnaya zanyatost' [Working youth and precarization employment]. *Navstrechu budushchemu. Prognozirovanie v sociologicheskikh issledovaniyah* Materialy VII mezhdunarodnoj sociologicheskoy Grushinskoј konferencii / Otvetstvennyj redaktor: A. V. Kuleshova, pp. 1447-1450. (in Russian)
- Kon I. S. (1967) Sociologiya lichnosti [Sociology of personality]. M.: Politizdat, 383 p. (in Russian)
- Konstantinovskij D. L. (2002) Rossijskij student segodnya: учеба plus rabota [Russian student today: study plus work]. D. L. Konstantinovskij, E. D. Voznesenskaya, G.A. Cherednichenko. M.: Izd-vo CSP, 128 p. (in Russian)
- Myltasova O.V. (2017) Pochemu student idet rabotat'? [Why does a student go to work?]. *Sovremennoe obshchestvo: voprosy teorii, metodologii, metody social'nyh issledovaniј*, vol. 1, pp. 179-186. (in Russian)
- Sociologiya: uchebnoe posobie (2021) [Sociology: Textbook]. pod obshcheј red. Abdirajymovoj G.S. Almaty: Kazak universiteti. (in Russian)
- Starodubceva E. K. (2011) Vtorichnaya zanyatost' [Secondary employment]. *Sovremennyj ekonomicheskij slovar'. / E. K. Starodubceva, B. A. Rajzberg, L. SH. Lozovskij. M.: INFRA-M, 182 p. (in Russian)*
- Voznesenskaya E.D., Konstantinovskij D.L., Cherednichenko G.A. (2001) Konchit' kurs i mesto dostat': Issledovanie vtorichnoј zanyatosti studentov [Finish the course and get a place: A study of secondary employment of students]. *Sociologicheskij zhurnal*, no 3, pp. 101-120. (in Russian)
- Yanbarisova D.M. (2014) Rabota vo vremya учебы v vuzah Tatarstana: vliyaet li ona na uspevaemost'? [Work while studying at universities in Tatarstan: does it affect academic performance?]. *Voprosy obrazovaniya*, no 1, pp. 217-237. (in Russian)